

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 10)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Микробиологиялық анализатор D2mini (толық жинақпен)	<p>Техникалық сипаттамалар</p> <p>Сынақ принциптері:</p> <p>Сәйкестендіру – колориметрия әдісі</p> <p>Сезімталдықты анықтау – турбидиметрия әдісі</p> <p>Откізу қабілеті:</p> <p>≥ 50 сынама/сағат</p> <p>Қосымша конфигурация:</p> <p>Автоматтандырылған үлгі алу құрылғысы, сағатына 50 планшетке дейін үлгі алу мүмкіндігі</p> <p>Жұмыс ортасы:</p> <p>Коршаған ортаның температурасы: 5–30°C</p> <p>Салыстырмалы ылғалдылық: $\leq 80\%$</p> <p>Құрылғыны тұрақты және тегіс үстелге орналастырып, тікелей күн сәулесі мен электромагниттік кедергілерден алыс ұстау және жерге тұйықтау қажет</p> <p>Атмосфералық қысым:</p> <p>76 kPa – 106 kPa</p> <p>Электрмен жабдықтау:</p> <p>AC 100–240 V, 50/60 Hz</p> <p>Өлшемдері мен салмағы:</p> <p>Негізгі құрылғы (D2Mini):</p> <p>Жабық LCD өлшемі: $215 \times 258 \times 215$ мм</p> <p>Ашық LCD өлшемі: $215 \times 258 \times 378$ мм</p> <p>Салмағы: 4,4 кг (таза салмак)</p> <p>Автоматтандырылған үлгі алғыш:</p> <p>Өлшемдері: $496 \times 365 \times 443$ мм</p> <p>Салмағы: 14 кг</p> <p>DL-ZD3 модулі:</p> <p>Өлшемдері: $190 \times 95 \times 70$ мм</p> <p>Салмағы: 0,5 кг</p> <p>Негізгі артықшылықтары</p> <p>500-ден астам микроорганизмдерді жоғары дәлдікпен сәйкестендіру</p> <p>200-ден астам антибиотиктерге сезімталдықты талдау</p> <p>MIC нәтижелерін автоматты түрде есептеу және дәрігерлерге ең тиімді емді таңдауға көмектесу</p> <p>Көптеген дәрілік тәзімділікті бақылау (MRSA, VRE, ESBL және т.б.)</p> <p>Жеке есеп форматы және сенімді статистикалық талдау мүмкіндігі</p>	1

		Жоғары өнімділік пен зертханалық процестерді автоматтандыру Бұл жүйе микробиологиялық зертханаларда диагностика сапасын арттыруға, антибиотиктерге тәзімділікті бақылауға және тиімді емдеу шешімдерін қабылдауға арналған кешенді шешім болып табылады.	
	Барлығы		1

Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Фылымды дамыту жөніндегі жобалық кенсе басшысы

А.Айымбетова

Фылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асyрумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуі талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуіші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сакталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

